



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

● №39 (10 242)

● 20 қыркүйек

● жұма

● 2024 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



1 ҚАЗАН - «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ!»

ҮНДЕУ

Үлкенді сыйлау - салтымыз

Осыдан 34 жыл бұрын, яғни, 1990 жылы желтоқсан айының 14 жұлдызында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1 қазанды «Халықаралық Қарттар күні!» деп жариялаған болатын. Содан бері ауданымызда жылдан жылға Қарттар күні дәстүрлі түрде аталып өтілуде. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата - бабаларымыздан келе жатқан салтымыз. Халқымызда «Қариясы бар елдің қазынасы бар», «Көп жасаған қария ақылы теңіз дария», деген киелі сөз бар. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Аға буынның мол тәжірибесі, сарқылмас даналағы және орасан күш - қуаты әрбір жанұяға ғана емес, бүкіл қоғамға пайдалы маңызды фактор болып табылады. Әлбетте, тәуелсіз еліміздің бүгінгі жетістіктері болашаққа тыныш та, еркін және қауіпсіз өмір сыйлаған ардагерлердің ерен еңбегі мен қажырлы жігерінің арқасы екені анық. Жасы ұлғайған шағында әрбір қария өзіне бөлінер көңілге, мейірімділік пен көмекке зәру.

Ауданымызда еңбек ардагерлерінің басын біріктіретін ардагерлер ұйымы бар. Бұл ұйымның құрылғанына 37 жыл болды. Бүгінде 37 жылдық тарихы бар ұйым құрамында 4695 ардагерлер бар. Президентіміз Қ.Тоқаевтың саясатына сай ауданымызда қарттарға лайықты құрмет пен қамқорлық көрсетіліп келеді.



Дегенмен ауданымызда әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

«Баталы ер арымас», деген жастар үлкеннің батасын алуға ұмтылады. Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аудандық Ардагерлер ұйымы ауданның барлық кәсіпкерлеріне, еңбек ұжымдары басшыларына ардагерлерге көмек көрсетіп, олар үшін осы атаулы күнді ерекше айлық мерекеге айналдыру үшін Үндеу жолдаймыз.

Кімде кімнің үйінде қартайып отырған әке - шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол үйіне олардан артық құдайдың

құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасап, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт - береке деп таныса, ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата - ана әр кезде де бақытты. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», - деген сөз бар.

Жастарымыз ата - анасының қадірін кеш болмай тұрып түсінсе екен. Осы бағытта көмекке мұқтаж қарттарымызды ел болып қамқорлыққа алайық. «Көп түкірсе көл болар», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - деген халқымызда жақсы мақал бар. Ендеше, бір жұдырықтай жұмыла қимылдап елдігімізді көрсетейік.

Барлық ауылдық округтердегі ардагерлер ұйымымен байланыс жасап, көмекке зәру егде адамдардың тізімін алып, мүмкінділікке қарай, материалдық жағынан көмек көрсетіп өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз.

Келешекке бей - жай қарамайтын, елін - жерін, отанын сүйетін патриот азаматтардың белсенділігі арқасында еліміздің болашағы жарқын болары анық.

Ардагерлердің Үндеуі түсіністікпен қабылданады деген сенімдемеміз.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ақсу ауданы Ардагерлер кеңесі. Кеңес төрағасы А.АЙТБАЕВ.

● МАТАЙ БӨРІБАЙ БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 330 ЖЫЛ!

ТОЙ ӨТТІ АУДАНЫМДА ДҮБІРЛЕТІП



Қолбасшы, батыр Бөрібай Сарыұлының 330 жылдығына арналған аудан көлемінде дүбірлі той, ұлағатты ас өтті. Иә, Той өтті ауданында Бөрібайлап, Ұлы тойға жиналды өңір, аймақ. Сағынайдың асынан кем болмады. Оған менің осынау сөзім айғақ - десек артық емес шығар. Ат шаптырып, бөйге ойнатып, палуандар күресті. Шара аудан деңгейінде десек те спорттық ойындар ашық түрде өтіп, басқа аудандар мен тіпті өзге облыстардан палуандар қатынасты. «Палуан» - деп тек қазақ күресіне қатысқандарды ғана емес, көкпарда салым салып, бөйгеге ат қосқан шабандоздарды да атап жатамыз ғой.

Сонымен екі күнге созылған ұлы той қазақ күресі мен тоғызқұмалақ сияқты спорттық ұлттық ойындармен басталса, ардагерлер волейбол ойнады. Ал, дәл осы уақытта "Ақын Сара" мәдениет үйінде марқұм Дүбек Мұсанов ағамыздың Бөрібай батыр поэмасынан «Бөрібай батыр оқулары» байқауы өтіп жатты.

Сайысқа аудан көлемінде екі жас ерекшелігінде 15 - 18 және 18 жастан жоғары 37 адам қатысты. Байқау екі кезеңде өтіп, байқау қорытындысы бойынша қатысушылар "Алғыс хаттармен", ынталандыру сыйлықтарымен және де "Дипломдармен", бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сайыс қорытындысы бойынша: 15-18 жас аралығында:
I орын - Төлепбекқызы Айдана (Ойтоған ауылы) 150 000 теңге;
II орын - Нәбиева Еркежан (Көшкентал ауылы) 100 000 теңге;
Асанқызы Алина (Жаңалық ауылы) 100 000 теңге;
III орын - Бауыржанқызы Әдемі (Сырттанов ауылы) 50 000 теңге;
Өмірсерік Сандуғаш (Қаракөз ауылы) 50 000 теңге;
Ынталандыру сыйлықтары: 15 000 теңге;
1. Жеңісбекқызы Маржан - (Арасан ауылы);
2. Сұлтаннұр Ботагөз - (Жансүгіров ауылы);
3. Мұхаметәлі Айжан - (Қызылағаш ауылы);
4. Сағымбек Балжан - (Жансүгіров ауылы);
5. Нұрмұхан Эльдар - (Көкөзек ауылы);
18 жастан жоғары:
Ынталандыру сыйлықтары
1. Берік Ақмарал Жанатқызы - (Қызылағаш ауылы);
2. Бейбіт Айсулу - (Көкөзек ауылы);
3. Жақияқызы Жайнарғұл - (Қапал ауылы);
4. Есболат Айбар Алмасұлы - (Жансүгіров ауылы);
5. Махмутқызы Назерке - (Жансүгіров ауылы);
Басқа қатысушылар "Алғыс хаттармен" марапатталды.

(Басы. Жалғасы 4-бетте).

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН - ЖАЗ ОЙЛА!



жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары! Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы бір жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

АЭС ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ АУДАНДЫҚ ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ КЕЗДЕСУ



кедергі келтіреді. Бұған жол беруге болмайды. Осы мәселені шешу үшін ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүргенін айтты. АЭС-ның құрылысын салу электр энергиясы тапшылығын шешіп, еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, электр энергиясына тарифтің негізсіз өсуін тоқтатады. Көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларының жоғары уыттылығына байланысты экологиялық жағдайды жақсартады. Еліміздің энергетика саласына заманауи технологиялар енгізіледі. Жаңа жұмыс орындарын ашып, инфрақұрылымның дамуын ынталандырады, - деді ол.

- Қорыта келе, халық арасында энергияның балама көздері, әсіресе АЭС-тің маңызы мен мүмкіндіктері жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет екенін байқап

АЭС қолдау жөніндегі Ақсу аудандық халықтық штабы «Молықбай» БПҰ мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында АЭС салудың маңыздылығымен мен артықшылығы туралы талқыланды. Аудандық штаб мүшелерінен Жетісу облыстық мәслихат депутаты Д.Ахмолдаев, аудандық мәслихат төрағасы Б.Сүлейменов, аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы А.Айтбаев және ауыл тұрғындары қатысты.

Штаб мүшелері кездесуде әлем бойынша энергия тапшылығы күшейіп келе жатқанын атап өтті. Олар АЭС Қазақстанға не үшін керек екенін, электр қуаты тапшылығы мәселесін шешуге қаншалықты ықпал ете алатынын түсіндірді.

- Энергетика министрлігінің болжамы бойынша 2035 жылға қарай Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 152,4 млрд. кВт/сағ құрайды деп күтілуде. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған электр станциялары небәрі 135 млрд кВт/сағ қамтамасыз ете алады. Сондықтан елімізге тұрақты және экологиялық таза энер-

гия көзі қажет. Бұл мәселені АЭС салу арқылы шешуге болады, - деді штаб мүшесі Д.Ахмолдаев.



А.Айтбаев атом электр станциясын салудың кейбір артықшылығына тоқталды. Оның айтуынша жыл сайын өсіп келе жатқан энергия қуатының тапшылығы жаңа мүмкіндіктерге кері әсер етіп, бизнестің дамуына

отырмыз. Сол себепті энергетика саласының сарапшылары болашақта энергия тапшылығын болдырмас үшін қазірден бастап қамдану қажет екенін баса айтады, - деді Б.Сүлейменов.

АЭС САЛУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Ақсу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымымен аудандық халықтық штаб мүшелері кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылап, Жолдаудағы көтерілген мәселелердің барлығы ел дамуының негізгі басымдықтары екендігі айтылып, соның ішінде алдымыздағы айда өтетін референдум, сол референдумның мақсаты, еліміздегі энергетикалық мәселелер, оның ішінде АЭС салудың артықшылықтары туралы жан - жақты ақпарат берді.

Штаб мүшелері, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы, Сапарғали Темірбеков, аудандық мәслихат депутаттары Амангелді Ерасыл, Дәурен Нұрмекенов, АЭС-тің экономикалық тиімділігі, экологиялық

қауіпсіздігі, және Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығына ерекше назар аударды.

Кездесу барысында АЭС-тің қазіргі заманғы технологияларының қауіпсіздігі мен сенімділігі туралы егжей - тегжейлі айтып, әлемнің дамыған елдеріндегі тәжірибелерді мысалға келтірді. Олар Қазақстанның экономикалық және экологиялық тұрақтылығын нығайту үшін атом энергиясын дамыту қажет екенін алға тартты.

Атом электр стансасының артықшылықтарына кеңінен тоқталып, жиналған көпшілікке Атом энергетикасы туралы жалпылама ақпарат берді Алма Жанатбекқызы.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

АЭС – тің мүмкіндіктері



Айдың басында Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын тыңдадық. Мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді кеңінен көтерген мемлекет басшысы, ойда жүрген көптеген түйткілді тақырыптарды ашып айтты. Соның ішінде атом электр стансасын салуға қатысты пікірі бәрімізді бей - жай қалдырған жоқ. Осы мәселе туралы қоғамда алуан түрлі ой бар. Бірі дұрыс десе, біреулер қарсы болып жатады. Дегенмен халықтың дені жағдайды жақсы біліп, бейбіт атомды ел игілігіне пайдалануға қарсы емес. Қоғамның бел ортасында жүрген соң, аудандық газеттің бас редакторы ретінде атом электр стансасының артықшылықтары туралы оқырман қауымға айту біздің басты парызымыз.

Бұл мәселе негізі өткен жылдан бері айтылып келеді. Президентіміз өз сөзінде: «Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын. Себебі, экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай құрамдас атом энергетикасы қамтамасыз ете алады – деп, атом энергетикасы туралы айта келіп, Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан - жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім – деп нақтылап айтты.

Осы Жолдаудың алдында газетіміздің жауапты хатшысы Ербол Сымханов осы мәселе бойынша Жетісу облысы бойынша делегаттармен бірге ауданның үш адам Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына барып, сол жердегі мамандардың баяндамасын тыңдап, көзімен көріп, құлағымен естіп келген әңгімесін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

- **Ербол Әбдікерімұлы, облыстық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен Алматыға барып атом энергетикасы туралы ақпарат алып қайттыңыз нақты мамандардан. Сондықтан қарапайым халыққа мамандардың пікірін, ойын, нақтылап айтып берсеңіз.**

- Иә, алдымен атом энергиясының тиімділігіне тоқталсам, еліміздегі қазіргі тоқ көзін алып тұрған су электр стансаларының су тапшылығынан болашақта тоқ көзін шығару мүмкіндігі азайып қалу қаупі бар. Ал, жасыл энергия, яғни күн көзі мен жел ден алатын тоқ көздері шағын

кәсіпкерлер болмаса оның да сенімділігі аз. Ал атом энергиясы барлық Қазақстанды тоқ көзімен қамтамасыз ете алады. Стансаның Балқаш көлінің маңына орналастырудың да көп себебі бар. Себебі, жан - жаққа тоқ көзін таратуға үлкен мүмкіндік.

- **Атом электр стансасының тоқ көзінен басқа мүмкіндіктері бар ма?**

- Иә, атом электр стансасы тек қана тоқ көзін шығармайды. Ол жерде медициналық және өндірістік материалдар шығарылады. Яғни, әртүрлі анкологиялық, т.б. жаман аурулардың алдын алатын дәрі дәрмектер мен сол аурулардың шешімін шығара алады. Ондай дәрілер біз барған институтта шығарылып, еліміздегі ауруханаларға жіберіледі екен. Сәулемен емдеу, сол сияқты сәулемен әр түрлі құбырлардағы тасіктерді табатын құрылғылар да осы жерде жасалады. Ал, өндірістік материалдар бес мемлекетке экспортқа шығарылады.

- **Балқаш көлінің бойына орналасқан атом электр стансасының қалдықтары қалай, айналадағы табиғатқа зиян келтірмейді ма?**

- Атом электр стансасында ешқандай қалдық қалмайды. Қалған қалдықтар жеті метр тереңдікте сақталып, оны қайтадан пайдалануға болады.

- **Семей полигоны мен Чернобыль апараты елдің санасында өлі жаңғырып тұр. Кейін жарылыстар болмайды ма?**

- Елдің қорқатын жарылыстары болу қаупінің алдын алған. Жер сілкінісіне де төтеп береді. Бұл бейбіт атом деп аталғандықтан мұнда атом бомбалары жасалмайды. Кезіндегі Чернобыльдегі апат атом энергиясынан болмаған. Ол жарылыстың өз себебі бар. Қазір су – су деген екі бөліктен тұратын құрылғы ондай жарылысқа жібермейді. Осы институтта оқып жатқан мамандар, түлектер бұл жағдайды жақсы біледі. Жұмыс істей алады.

Жалпы барып естіп, біліп, келген дерегіміз осы.

Айтпақшы "Топаз" деген табиғи тасты өңдеп асыл тас-тар қатарына қосуға да осы жерде қол жеткізуге болады екен. Яғни, табиғи тас ақ түсті жылтыр болады. Оны сәулемен өңдеп, өдемі көгілдір, қара - көк түстерге бояп асыл бұйымдар жасайтын жерлерге пайдалануға береді. Негізгі сәулемен көп пайдалы істер жасауға болатынын түсіндім. Бұрын мектепте физикадан "Альфа, бетта, гамма" дегенді оқыдық қой. Сол гамманың құдыреті қаншалықты екенін осы жерде түсіндім. Бастағы, мидағы ісіктерді сол сәуле арқылы ешқандай пышақпен ота жасамай, кеспей, теспей сыртынан күйдіре салатын мүмкіндіктер сол кезде пайда болады...


Ол болашақтың еншісінде.
- **Өңгімеңізге рахмет. Аз да болса қарапайым халыққа қарапайым тілде жеткізе алдыңыз деп ойлаймын.**

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» газетінің директор – бас редакторы.

Илияс Жансүгіровтың туғанына - 130 жыл!

САЯТ АҒАНЫҢ САҒЫНЫШЫ...

(Саят Илиясулының Әке жайлы естеліктерінен құралған мақала)



Бірін - бірі ұнатып, көп ұзамай шаңырақ көтереді. Сөйтіп, 1930 жылы тұңғыш балалары Саят дүниеге келеді. Илиястың баласын Саят деп атауы ит жүгіртіп, құс салған саятшылыққа деген әуестігінен туған екен. Саяттан кейін туылған Сайра деген қыз бес айлығында шетінеп кетеді. Осыдан соң Илияс Фатима Ғабитовамен қосылып, сол кісіге үйленеді. Батима (Саяттың анасы) екеуі ешбір ұрыс-жанжалсыз, ортақ шешіммен ажырасқан.

Илияс Фатима Төребаевамен ажырасып кетсе де, өз баласын жадынан шығарған емес. Себебі, ол өзінің қаны - баласын ұмытпаған, өмірінде қаншалықты

кеткенге дейін басқа отбасымен тұрып жатса да, әкем ылғи да келіп, бірдеңесін әкеліп, ойнатып, көңілімді аулап кетіп тұратыны осы кезге дейін көз алдымнан кетпейді» - деп жауап берді.

«Алматыда әкем менімен жүздесіп көрісуге жиі келіп тұратын. Әлі күнге дейін есімде, көз алдымнан бір сәт те кетпейтін көкірегімде сайрап тұратын әкемнің күлімсірегені, көкірегіне қысып сүйгені бәрі-бәрі жадымда сақтаулы. Көңілге медеу болған «Саятқом, Саятайым» деген жылы лебізі, тәтті сөздері мәңгі жүрегімде қалды» - дейді Саят ағамыз өзінің «Менің әкеммен кездескендерім» атты естелігінде.

Қазақ поэзиясының құлагері Илияс өмір сүрген заман зұлымдық пен сатқындыққа толы болды. Осындай аласапыран заманда аш қасқырдай ақ пен қараның байыбына бармай талқандай беретін үкіметтің, жүрегімде жылуы жоқ, қатыгез, жаналғыш «жандармдардың» ешкімді де, ешнәрсені де аямайтынын біліп, балаларын қолынан келгенше аман сақтап қалуға тырысты. «Бар білетінім - менің атымды баскесерлерге айтқан жоқ. Жалпы еш сұраққа жауап бермеген көрінеді. Сөйлескісі келмеді. Ол кездегі өкімет өз пікірін, бағытын жасырын ұстады» - дейді Саят ағамыз. Ұл баланың жүгінің ауырлығын, ертең анасын, қарындастарын асырайтын аза-

мат боларын біліп, бір қатерден болсын сақтағысы келгені болар, тіпті, өзінің 1936 жылы берілген төлқұжатында отбасы деген жеріне «ұлы - Азат, қыздары - Ильяфа мен Үміт» деп көрсеткен екен. Ұлы Саят жайлы ештеңе жазбапты.

«Әкем мен үшін көңіл аударып, уақытын бөлмеді деп кінә таға алмаймын. Кінә тағу орынсыз қате деп ойлаймын. Түсінемін, мүмкіншілігі болмаған шығар. Тағдырдың маңдайымызға жазған жазуы осылай болған шығар», - дейді Саят Илиясулы.

Тау тұлғалы азаматтың ұлы болу Саят ағамызға да талай қиыншылығын, қыспағын

тіліне аударып, тәржімалады. Бірақ тағдырдың маңдайға жазылған жолында естелік кітапты шығару бұйырмаған екен. Сол арманның кішкентай бір бөлігін орындау мақсатында Илияс Жансүгіров әдеби музейінің меңгерушісі Жауынбаева Нұргүл Қызырбекқызының басшылығымен ақынның 130 жылдық мерей тойына орай «Саят Жансүгіровтің естеліктері мен сұхбаттары» атты кітапша жарық көрді. Кітапшада Саят Жансүгіров естеліктері мен әр түрлі газет - журналдарға жарияланған сұхбаттары, аудармалары жинақталды.

Саят Жансүгіров - әкесі Илиястың қазақ әдебиетіне қосқан мол мұраларын жинақтаушы, насихаттаушы, жанашары ретінде халық арасына танылды. Саят ағамыз әдебиет саласына кеш келсе де, әкесі Илияс Жансүгіров туралы жазған естеліктері мен өлеңдері,



Талдықорған, 2024



СУРЕТТЕ: Илияс Жансүгіров Батима Төребаева ұлдары Саятпен.

танытқан еді. Соған қарамастан Алаш жолы газетіне берген «Әкемді билік қудаласа да, халық жақсы көрді» атты сұхбатында өзінің алдағы жоспары деп: «Алла Тағала ғұмыр берсе, әкемнің шығармашылығын орысшаға аударып жеке жинақ шығарып, әкем туралы естелік кітап жазсам деймін» деп айтқан еді. Сол үшін жасы келіп зейнетке шықса да, әкемнің елі үшін еміреніп, жұрты үшін жұмылып жазған шығармаларын халыққа танытуым керек деп тынбай еңбектенді. Ақынның «Менімше», «Малта», «Өтірік өлеңдерін», т.б. орыс

мақалалары, сұхбаттары оқырман қауымының әрдайым жадында сақталмақ. Еңдеше ғылым мен әдебиет саласына көз майын тауысып, қаламымен талай сын зерттеулерді ақ параққа түрткен ғылым кандидаты Саят Илиясулының ғылым мен қазақ әдебиетіне қосқан ерен еңбегін әдебиет сүйер қауым, қалың қазақ жұрты ұмытпасымыз анық.

Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
I. Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.

1 қазан - "Халықаралық қарттар күніне" арналған апталық басталады

27 қыркүйекте Ақсу орталық аудандық аурухана мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасының 1 қазан - «Халықаралық Қарттар күніне» арналған апталық басталады.

Қарттарды әлеуметтік қолдауға бағытталған іс - шаралар, еңбек ұжымдарында кездесулер, дәрігерлік амбулаторияларда ашық есік күндері, төменде көрсетілген дәрігерлік амбулаторияларда қарттарды медициналық тексеруден өткізу шаралары өткізіледі.



- 1) Қапал
- 2) Матай
- 3) Арасан
- 4) Көшкентал
- 5) Суықсай
- 6) Кеңжыра
- 7) Есеболатов
- 8) Қызылағаш
- 9) Сағабүйен
- 10) Ақсу
- 11) Жаңалық
- 12) Ойтоған
- 13) Б. Сырттанов
- 14) Қаракөз
- 15) Көкжайдақ

1 қазан - "Халықаралық қарттар күніне" және қазан айының екінші жексенбісі "Мүгедектігі бар азаматтар күніне" орай Ақсу аудандық орталық ауруханасында ұйымдастырылатын іс - шаралар

№	Шара атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін жері	Жауапты
1.	Қарттар мен мүгедектігі бар азаматтарға арналған «Ашық есік күнін» өткізу	2024 жылы 27 қыркүйек	Ақсу аудандық емханасы	Ақсу аудандық орталық аурухана СӨС мамандары
2.	1-топ мүгедектігі бар азаматтардың үйлеріне барып, денсаулықтарына қарап-тексеру жүргізу	2024 жылы 23 - 27 қыркүйек аралығы	Жансүгір ауылы	Ақсу аудандық орталық аурухана СӨС мамандары, психолог, әлеуметтік қызметкер
3.	Ақсу аудандық орталық ауруханасында жұмыс істеген зейнеткер қарттар мен еңбек ардагерлеріне сый - құрмет көрсету	2024 жылы 27 қыркүйек - 1 қазан аралығы	Жансүгір ауылы	Ақсу аудандық орталық аурухана басшылары СӨС мамандары

Директор

Б.ҚҰРЫМБАЙ

АРДАГЕРЛЕР - еңбек пен ерліктің өнегесі



18 қыркүйек күні «Aqsy Jastary» филиалының ұйымдастыруымен Ақсу агротехникалық колледжінде «Ардагерлер - еңбек пен ерліктің өнегесі» тақырыбында үш ұрпақ сабақтастығын айқындайтын жастар мен еңбек ардагерлерінің кездесуі өтті.

Аталмыш шара барысында жастар аға буын өкілінің үздік тәжірибесімен танысып, ұсыныстар мен пікір алмасу алаңын ұйымдастырды. Ашық әңгіменің алаңына айналған кездесуде студенттер өздерінің көкейлерінде жүрген түрлі сауалына жауаптар алды.

Кездесу барысында "Жемісті еңбек етіп бүгінде зейнетін көріп отырған ардагерлермен жастардың кездесуі ұрпақтар сабақтастығын жалғайды. Еңбегімен елге сыйлы болған әрбір ардагерді жастарға үлгі етеміз. Жастар мен аға буын өкілдерінің кездесуі бүгінгі күні өте маңызды. Себебі жастарға тәрбиелік мәні бар, патриоттық бағытта, адамгершілік тақырыбында әңгіме айту сиреп барады. Жастар - еліміздің болашағы, ал болашағымыз жарқын болуы үшін аға буын өкілдерінің жастарымыздың ортасына келіп, бағыт - бағдар беруі маңызды. Үлкендеріміз - ақылшы, тілеулес", - деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев. Иә, "Арсыз күлкің тиылмас жылауың да, Айттысың да басылмас, ылаңың да. Араздасып ағайын кетер еді, Бір қария болмаса бір ауылда" - дегендей ауданымыздың, ауылымыздың берекесі - бірлігіне ұйытқы болып, кейінгі жастарға үлгі - өнеге көрсететін үлкендеріміз аман болсын. Олар аман болып, ақыл - кеңестерін айтып отырса, еліміз дами беретіні сөзсіз.

«AQSY JASTARY» ФИЛИАЛЫ

ҚОЛБАСШЫ, БАТЫР БӘРІБАЙ САРЫҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 330 ЖЫЛ!

ТОЙ ӨТТІ АУДАНЫМДА ДҮБІРЛЕТІП



(Соңы. Басы 1-бетте).

Түс кезінде батыр ұрпақтарының ұйымдастыруымен жарысқа қатысушыларға ас беріліп, түстен кейін жоспар бойынша Есеболатов ауылының атшабарында көкбардан салым салу ойыны болды. Салымның ең жоғары өгізәлдісіне ары 150 мың бері бір тай тігілді.

Айтпақшы, дүбірлі той қарсаңында "Бәрібай сыбағасы" да ұрмыт қалған жоқ. Батыр ұрпақтары арнайы сыбаға таратқанын да айта кеткен жөн шығар.

Ертеңгі шара Бәрібай батыр ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталып, келген қонақтар аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен батыр Бәрібай Сарыұлының 330 жылдығына арналған «Ел қорғаған - Ер Бәрібай» атты ғылыми - танымдық конференцияға қатысты. Шараны аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық кітапхана ұйымдастырды.

Конференцияның алғашқы сөзін Ақсу ауданының әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы алып, барша қатысушыларды атаулы мерекемен құттықтап, өткізіліп жатқан шараның маңыздылығын атап өтті. Ары қарай сөз кезегін конференцияға арнайы шақырылған қонақтары, Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" Дүйсен Мұхаметшарұлы «Бәрібай сыбағасы», Ақсу ауданының "Құрметті азаматы", тарихшы Болатхан Боранбайұлы «Үш жүзге ұран болған ер Бәрібай», тарихшы, өлкетанушы Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлы «Бәрібай - тарихта», зерттеуші Нұрахметов Ерден Қыдырбекұлы «Бәрібай ізбасарлары» тақырыбындағы баяндамаларын оқыды.

Атаулы шараның қорытындысында "М.Байсақұлы" атындағы аудандық мәдениет үйінде Ақсу аудандық кітапханасы «Елге қорған, ерлікке ұран болған Бәрібай батыр» тақырыбында кітап көрмесі мен кітап жәрмеңкесін ұсынса, Ақсу халық театры драматург Айдын Рысбекұлының «Бәрібай» тарихи драмасы барша қатысушылар мен көрермендерге паш етті.

Көрермендердің көңілінен шыққан керемет қойылымнан кейін "Ұлы Жібек жолы" мейрамханасында үлкен ас беріліп, асты жүргізген Ербол Оразбеков арнау өлеңімен ашты:

Ұлы дүбір ауыл маңын шаңдатқан,
Келіп жатыр атты, жаяу

жан жақтан.
Мазар көрсе құран оқып

құрмет қып,
Аттамаған ел едік біз аруақтан!
Сол құрметі ұрпақтардан көрінген,
Барлығы жүр таза ниет көңілмен.
Ақсу елі ас береді дегенге,
Жиналыпты алыс жақын өңірден.
Әкім бастап, халық қолтап

бірлесіп,
Көп тілегі орын тауып үндесіп.
Қандай жақсы ел бірлігі нығайса,
Біз қуандық берекелі күн десіп!
Бәрібай заманының заңғары еді,
Өмірін халқы үшін арнап еді.
Қазақтың өз алдына ел болуы,
Батырдың ең бірінші арманы еді!
Бәрібай әділдікті қуаттайтын,
Қорқақтармен қорқауларды

ұнатпайтын.
Бәрібайдай ұрпақтар көптеп

шықсын,
Ел намысын ешқашан

құлатпайтын!
Бәрібай алты алашқа мәлім еді,
Қалың қолды бастаған алып еді.
Айналып қалың Матай ұранына,
Тарихта аты мәңгі қалып еді!
Батыр ортақ, ақын ортақ ел үшін,
Елі қымбат, жері қымбат ер үшін.
Жүрек біреу, тілек біреу бәрі ортақ,
Әр қазағым жалғызымсың


мен үшін!

Астан кейін қонақтар Қарасу ауылдық округіне қарасты «Қоқты» атшабарына қарай бәйге көруге асықты. Алдымен 9 шақырым тай жарысы өтті. Тай жарысының жүлдесі мотоцикл болды. Екінші той аудандық болған соң жергілікті аттардың бәйгесін ұйымдастырды. Үшінші кезекте үлкен аламан бәйге болды. Бәйгеге тігілген "Шевролет" автокөлігі Үштөбеден келген қонақтарға бұйырса, "Нива" автокөлігі өзіміздің ауданда қалды.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
Ербол СЫМХАНОВ.**



ШЫРАҒЫ БАР МӘҢГІЛІК СӨНБЕҮТҰҒЫН



кітапханашысы Б.Қаметжанова Ілияс атамыздың өмір баянын таныстырып, лет экран арқылы слайд көрсетіп, баяндама жасады.

Б.ҚАМЕТЖАНОВА,
Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Архив қоймасы жеке тектік жаңа қормен толықты

Ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық арман еткен Тәуелсіздік-бүгінгі Қазақстанның өлшеусіз құндылығына айналды. Бұл жолда Абай мен Ыбырай, Мағжан мен Міржақып, Әлихан мен Тынышбай сынды қазақтың алып бәйтеректері өзіндік іздерін қалдырса, беріректе Бауыржан мен Төлеген, Нұрмолда мен Нұсіпбек қазақ ұлтының жұлдызын жағып, Алаш жұртын өлемге танымал етті. Сол бабаларымыздың заманына сай ұрпақтарының бірі – Дубек Мұсанов ағамыздың ауданымыздың гүлденуіне қосқан үлесі зор.

Мемлекеттік архивтегі жеке қор құжаттарын жетілдіруді қамтитын тарихи зерттеулерге қажеттілік күшейе түсті. Сондықтан да қоғамның тарихи тәжірибесін бейнелейтін архив құжаттарының құндылығы мен маңыздылығы арта түсті. Қоғам тарихында маңызды деректер қатарына жеке адамдардың құжаттары да енеді және мемлекеттік сақтауға жатады.

Жеке қор құрамына қолжазбалар, хаттар, қор құрушының жеке және тұрмыстық құжаттары, ғылыми шығармашылық және қоғамдық қызметі барысында жинақталған құжаттық материалдары, қор құрушының еңбектеріне қажетті жинақталған материалдар, жазған кітаптары, мүліктік-тұрмыстық сипаттағы заттар, жинаған коллекциялары, туыстарының және өзінің рәсім суреттері кіреді. Жеке қор құрамына ол жөнінде көзі тірісінде немесе қайтыс болғаннан кейінгі жазылған естеліктер, мақалалар, өлеңдері, еңбектеріне жазылған рецензиялар, материалдар, оның шығармашылығын насихаттаған материалдар енгізіледі.

Мемлекеттік архивтің басты міндеттерінің бірі – архив қорын жеке адамдардың құжаттарымен толықтыру. Осы мақсатта «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Ақсу филиалына құжаттары қабылданған, ауданымыздың Құрметті азаматы, ақын, жазушы, Еңбек ардагері, ел ағасы, саяси қоғамдық жұмыстар белсендісі, аудандық мәслихаттың ІІ шақырылымының депутаты, бірнеше кітаптың авторы Дубек Мұсановтың қорын айтуға болады.

Қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматы – Дубек Мұсанов 1937 жылы Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келген. М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының жанындағы актерлік студияны және Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

Алғашқы еңбек жолын Суықсай ауылындағы Ю.Гагарин атындағы мектепте мұғалімдіктен бастап, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, Қазақ ВАСХНИЛ институтының тәжірибе шаруашылығы кәсіподақ ұйымының төрағасы, аудандық «Ақсу су құбыры» мекемесінің бастығы лауазымында қызметтер атқарып, қоғамдық саяси жұмыстарға белсене ат салысып мәслихат депутаты жұмысын да жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

Дубек Мұсанов өз заманында іскер, беделді басшы ғана емес, ел ағасы ретінде және ақындық, жазушылық дарынымен де жақсы танымал, сыйлы бола білді. Артында рухани құндылығымыз, асыл қазынамыз – сөз өнеріне қосқан еңбектері мен жазбалары кітаптары қалды. Өмірі көпке үлгі. Жастайынан зерделігімен танылған ол өнегелі ісімен елдің есінде қалды. Топырағы алтын, суы бал қасиетті даламыздың гүлденуіне өзіндік үлесін қосты.

Бірнеше жыр жинақтарының авторы, Республикалық жыр мұшайраларының бірнеше мүшесі Жеміс, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын ағамыздың есімі бұл күнде Жетісу жұртшылығына жақсы таныс.

Дубек Мұсанов өзін шығармашылық жағынан өте жоғары деңгейде таныта білді: Ақсу, Қапал өңірлерінің сұлу да келісті табиғатын кестелі көркем сөзбен жырға қосқан ақын «Ағынды менің Ақсуым», «Жүректегі шуақтар», «Берібай батыр дастаны», «Дала жыры» атты кітаптарының авторы.

Марапаттары: Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» және «Берібай батыр» мерекелік медальдарымен, ұзақ жылдардағы қажырлы еңбегі мен нәтижелі жұмысы үшін Елбасының "Алғыс хаттарымен" және облыстық, аудандық деңгейдегі "Құрмет Грамотасының" иегері. 2010 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне абыроймен өткен тұлғасы биік азамат Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағын алды.

Дубек Мұсановтың архивке өткен құжаттары 1976 - 2021 жылдарда жинақталған құжаттар кезеңді қамтиды.

Г.МЕЙРАМБЕКОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу аудандық филиалының директоры.

Әдептілікті қамтамасыз ету

Әдептілік – қоғамдағы және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратын моральдық және этикалық қағидалар жиынтығы. Әдептілік мәдениеттілік, құрмет және жауапкершілік сияқты қасиеттерді қамтиды. Бұл құндылықтар сенімділікті, ынтымақтастықты және бейбітшілікті арттырады. Әдептілік әлеуметтік және кәсіби жағдайларда дұрыс әрекет етуге көмектесіп, өзара түсіністік пен қоғамдық тәртіпті нығайтады.

Әдептілікті қамтамасыз ету жолдары әр адамның пікірін, сезімін және құқықтарын құрметтеу арқылы өзара түсіністікке қол жеткізуге негізделеді. Сөздер мен іс-әрекеттердің үйлесімділігі өзара түсіністік пен конструктивті қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Әлеуметтік орта мен ұйымның әдептілік нормаларын білу және сақтау маңызды, сондай-

ақ өзара әрекеттерге қатысты құрметпен кері байланыс беру және алу қажет. Шешім қабылдау кезінде әділеттілік принциптеріне сай болу, барлық тараптардың мүдделерін тең қарастыру өте маңызды.

Әдептілік қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімділігі үшін негізгі рөл атқарады. Құрмет көрсету, сөз бен іс-әрекеттердің үйлесімділігі, әдептілік нормаларын сақтау, кері байланыс алу және әділетті шешімдер қабылдау осы құндылықтарды қамтамасыз етудің маңызды жолдары болып табылады.

Б.ЕРМҰХАНБЕТОВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі.

ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІ БІРЛІКТЕ

«ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады. Мемлекет пен қоғамның күш – жігерін біріктіргенде ғана осы құбылысқа қарсы күресе аламыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз шағымы. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасын және оның заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті.

М.МҰСАНОВ,
аудандық Қазынашылық басқармасының басшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс - әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

"БӨРЛІТӨБЕ" ОШКММ «ҚҰРАҚСУ» ОРМАНШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДӘРІЛІК ШӨПТЕРІ



Қазақ даласы ежелден табиғаты өте ерекше мекен болып табылады. Оның жер асты ғана емес, кең жазиралы дала-сында өте пайдалы дәрі шөптер өседі.

Құрақсу ауылының табиғатында да көптеген адам ағзасына пайдалы шөп дәрілерді кездестіруге болады. Итмұрын – ағзада дәрумендер жетпегенде қолданылады. Қан

қысымы көтерілгенде, қан аздықта, төбетті көтеруге, сынған сүйектердің тез жазылуына, бауыр ауырғанда қолданылатын таптырмас өсімдік.

Жалбыз - суықты шығарады, асқазанға пайдалы емдік шөп болып табылады.

Иірмен – ішек құрылысты, ішек жолдарын тазалауға, тері тері ауруларына пайдаланылады.

Қ.САНСЫЗБАЕВ,
«Бөрлітөбе» ОШКММ «Құрақсу» орманшылығы орман қорықшысы.

МАМАН КЕҢЕСТЕРІ

АПВ вакциналарының қауіпсіздігі мен тиімділігі

ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ
АПВ ВАКЦИНАСЫ
өзінің қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеді

#АПВ-дан вакцинатиімді

ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫН БІРГЕ ЖОЯМЫЗ

Қазақстанда жатыр мойны обыры сут безі обырынан кейінгі әйелдерде қатерлі ісік құрылымында 2-ші орында. Адам папилломасы вирусына (АПВ) туындаған қатерлі ісік – бұл жалпы АПВ вакцинациясын енгізу арқылы толығымен алдын алуға болатын жалғыз қатерлі ісік.

Бүгінгі таңда иммундау еліміздің халық денсаулығын сақтау саласындағы ұлттық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. АПВ-ға қарсы вакцинациялау адам папилломасы вирусымен зақымдану деңгейін және онкологиялық аурулардың, әсіресе жатыр мойны обырының (ЖМО) дамуын төмендетеді. Қазақстанда жыл сайын ЖМО-ның 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан жыл сайын 600-ден астам әйел қайтыс болады.

АПВ-ға қарсы вакцина 15 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді және әлемнің 135 елінде, соның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстанда қолданылады.

Еуропа, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Аустралия және Латын Америкасы елдерінің көпшілігін қоса алғанда, әлемнің 117 елі адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакциналарды өздерінің ұлттық иммундау бағдарламаларына енгізді.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап еліміздегі 11 жасар қыздарға АПВ-ға қарсы екпе салынады. Қыз балаларды вакцинациялау-атаналарының келісімімен ғана жүргізіледі.

АПВ-ға қарсы вакцинация жалпы халықтың денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға және онкологиялық аурулардан болатын сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендетуге ықпал етеді.

Вакцинациямен байланысты минималды тәуекелдер вакцинацияланбаған жағдайда денсаулыққа төнетін қауіп-қатермен салыстырғанда толығымен өзін ақтайды. Біз жатыр мойны обырын жеңе аламыз!

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауы туралы

Мемлекет басшысы «Қазақстан – 2050» стратегиясында «өте жоғары этика және кәсібилік тиімді мемлекеттік аппаратты құрудың негізгі өлшемі болып табылатындығын» атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде белгіленген мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық қағидалары.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы – бұл осы қоғамға тиесілі неғұрлым саналы және нақтыланған және жалпыадамзаттық мораль нормалары болып табылатын мемлекеттік қызметтік қатынастардағы мінез-құлық нормаларының, іс-әрекеттер мен ережелердің, өзара қарым-қатынастар мен қағидаттардың жүйесі.

Мемлекеттік қызметшілердің этикасы алты қағидаға негізделген. Бұл адалдық, әділдік, сыпайылық және бағдарлану.

Барлық қағидаттарды сақтай отырып, мемлекеттік қызметші жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан, өзінің функционалдық міндеттерін орындайды, заңды шешімдер қабылдайды.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу болып табылады. Ол ашық болуы керек, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын, өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау – қызметтік этиканы сақтау қағидаттарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілер Халықпен жұмыста барынша икемді болуға, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуға және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік қызметші өзінің қызметтік міндеттерін атқара отырып, кішіпейіл болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуға, дәрежелік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге, өз әрекеттері мен мінез-құлықпен олардың тарапынан сынға себеп бермеуге тиіс.

Әрбір мемлекеттік қызметші биліктің өкілі ретінде әрекет ете отырып және заңмен ерекше міндеттер мен өкілеттіктер беріле отырып, іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауды есте сақтауға, азаматтардың алдында мемлекеттік органдардың қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге тиіс.

Дифтерия, сіреспе және көкжөтелдің алдын алу

Дифтерия – коринебактериядан туындаған жұқпалы ауру. Инфекция жұқтырғаннан кейін бактерия адам ағзасына 5-7 күн ішінде таралады. Симптомдар әдетте инфекциядан кейін 2-3 аптадан кейін пайда болады.

Дифтериямен ағзаның барлық дерлік органдары мен жүйелері зардап шегеді. Жұтқыншақ, мұрын, көмей, тері, көз және басқа органдардың дифтериясы дамиды.

Дифтерия, басқа инфекциялар сияқты, жүрек бұлшықетінің, тыныс алу бұлшықеттерінің және диафрагманың салдануы, жұмсақ тандайдың, бет бұлшықеттерінің, мойын, дене және аяқ-қол бұлшықеттерінің салдануы сияқты көптеген асқынуларды тудырады. Бұл инфекциямен өлім-жітім жоғары, жыл сайын науқастардың 10-нан 20%-на дейін өледі.

Сіреспе – бұл бактериялардың спораларымен байланыста болған кезде берілетін жұқпалы ауру. Олар бүкіл әлемде топырақта және жануарлардың ішек жолдарында бар және көптеген үстіңгі қабаттар мен заттарды ластауы мүмкін. Сіреспенің инкубациялық кезеңі 3-тен 21 күнге дейін созылуы мүмкін. Көп жағдайда ауру 14 күн ішінде дамиды. Симптомдарға мыналар кіруі мүмкін: жақтың қозғалмауы, жұтынудың қиындауы, мазасыздық, ашуланшақтық, бас ауруы, тоникалық құрысулар.

Сіреспе адамнан адамға берілмейді. Сіреспе қоздырғышы адам ағзасына тек зақымдалған тері арқылы ене алады.

Көкжөтел – ауыз қуысында, мұрында және көмейде тіршілік ететін Bordetella pertussis бактериясы тудыратын өте жұқпалы тыныс алу жолдарының ауруы.

Көкжөтел – кең таралған инфекция. Негізінен балалар ауырады.

Көкжөтелдің қоздырғышы ауа арқылы таралады, ол науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ағзаға енеді. Көкжөтел өкпенің қабынуы (пневмония), мидың зақымдануы сияқты асқынулармен қауіпті. Көкжөтелмен ауыратын науқастарды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер жоқ.

Дифтерияға, сіреспеге және көкжөтелге қарсы профилактикалық екпелер!

Балаларды және барлық ересектерді дифтериядан, сіреспеден және көкжөтелден қорғаудың жалғыз сенімді және тиімді әдісі вакцинация, бұл инфекцияларға қарсы біріктірілген вакцинамен жүзеге асырылады. Вакцинация ерте балалық шақтан басталып, 60 жасқа дейін жалғасады. Алғашқы вакцинация 2, 3, 4 және 18 айларда басталады. Әрі қарай, егу 6, 16 жаста және әр 10 жылда ересектерде жүргізіледі. Бұл жағдайда дифтерияға, көкжөтелге және сіреспеге қарсы иммунитетті дамытуға мүмкіндік беретін аралас вакцина қолданылады.

Көп жылдық тәжірибе егу жиілігі мен егу аралықтарын сақтау қажеттілігін растайды. Мәселен, егер осы жағдайлар сақталса, дененің дифтерия, сіреспе және көкжөтел ауруына жеткілікті күшті иммунитеті пайда болады.

Құрметті ата-аналар! Есіңізде болсын!

Жыл сайын вакцинация арқылы алдын алуға болатын инфекциялардан жүздеген мың адам қайтыс болады және мүгедек болады.

Вакцинация балаларды және бүкіл халықты полиомиелит, қызылша, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, туберкулездің ауыр түрлері, «В» гепатиті, қызамық, паротит, «гемофильді» инфекция және т.б. сияқты бірқатар инфекциялардан қорғаудың ең сенімді әдісі болып табылады.

Вакцинация көмегімен көптеген жұқпалы аурулардан болатын аурулар мен өлім-жітім санын едәуір азайтуға болады, ал кейбіреулері толығымен жойылады (табиғи шешек, полиомиелит).

Балаңыздың денсаулығы сіздің қолыңызда. Балаңызға вакцинацияны уақытылы алуға және еліміздің дені сау азаматы болып есуге көмектесіңіз.

"А" вирустық гепатиті – вирус көзі науқас адам болып табылатын жіті инфекциялық ауру. Гепатиттің қоздырғышы – вирустардың ішек тобына жататын вирус.

Вирус организмге ішек инфекцияларына тән: су, тағамдық және тұрмыстық қарым-қатынас жолдарымен түседі.

Бұл ретте берілу факторлары: лас қолдар, сондай-ақ вирус жұқтырған барлық заттар (азық-түлік, көкөністер, жемістер, жидектер, аскөк) болып табылады.

Жұқтыру шаруашылық-нәжіс ағындарымен ластанған су айдындарында шомылу кезінде болуы мүмкін. Сарғаюсыз, аурудың белгісі аз және субклиникалық нұсқалары бар адамдарда негізгі эпидемиологиялық маңызы бар. Вирус бауырды зақымдайды, вирус бөлшектері асқазан-ішек жолдарының сілемейлі қабығы арқылы сіңіріледі және қан айналымының жалпы жүйесіне түседі.

Вирус сау адамның организмне түскеннен кейін жасырын өтеді, инкубация деп аталатын жасырын кезең "А" гепатиті кезінде 14 күннен 35 күнге дейін созылады. Содан кейін аурудың белгілері пайда болады: дене қызуы көтеріледі, бас ауырады, төбет төмендейді, әлсіздік, жүректің айнуы,

"А" гепатитінің алдын алу

қусу байқалады. Көптеген ауырған адамдарда катаралдық құбылыс, тамақтың қызаруы байқалады. Зәр қараяды, сыраның түсіне ұқсайды, керісінше нәжіс ағарады.

"А" гепатитінің вирусы сарғаю пайда болғаннан бұрын науқастың нәжісімен бөліне бастайды, яғни сарғаю кезеңінің алдында пайда болады. Аурудың осы кезеңінде ауырған адамдар айналасындағылар үшін барынша қауіпті болып табылады. Сарғаю кезеңінің пайда болуымен (көздің ағының және тері жабындарының боялуы) вирустың бөлінуі күрт азаяды және жұқтыру күрт төмендейді. Ауырып сауыққаннан кейін тұрақты, өмірлік иммунитет пайда болады. Профилактикалық шараларды сақтау кезінде аурудың алдын алуға болады.

"А" гепатитінің алдын алу шаралары:

- тамақ ішер алдында, дәретханаға барғаннан кейін, жұмыстан, серуеннен қайтып оралған кезде қолды жуу;
- ашық су айдындарынан қайнамаған суды ішпеу және онымен жемістер мен көкөністерді жуу;
- ағынды сулар түсуі мүмкін су айдындарында шомылмау;
- адамдар болатын үй-жайларда: үйде, жұмыста, қоғамдық тамақтану объектілерінде, сауда, коммуналдық, өнеркәсіптік үй-жайларда тазалықты сақтау;
- экзотикалық өнімдерді, әсіресе, шикі устрицаны, мидия, моллюскаларды тұтынбау.

А вирустық гепатитінің алдын алу үшін арнайы профилактика – вакцинациялау. Вакцинациялауға: 1) екі жастағы балалар; 2) А вирустық гепатиті ошақтарында байланыста болған күннен бастап алғашқы екі аптаны қоса алғанда, он төрт жасқа дейінгі байланыста болған адамдар; 3) 14 жасқа дейінгі балалар, В және С созылмалы вирустық гепатиттерімен ауыратын ремиссия кезеңіндегі адамдар жатады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

